

Бекітемін
«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Колутон ауылының жалпы орта білім
беретін мектебінің» директоры
 Аксентова А.Б.
«__» қыркүйек 2026 жыл

«Тіл татулық тірегі» атты Тілдер онкүндігінің бірыңғай жұмыс жоспары

Өткізу мерзімі: «4» қыркүйек – «15» қыркүйек 2026 жыл

Қатысушылар: жалпы білім беретін мектептердің оқушылары мен педагогтері

Мақсаты: мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оқушылардың тілдік сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, Қазақстан халқының тілдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу және үштілді білім беруді қолдау.

Міндеттері:

- оқушылардың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне қызығушылығын арттыру;
- тіл мәдениетін, сауатты сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыру;
- дарынды және шығармашыл оқушыларды анықтап, қолдау;
- түрлі этностардың тілі мен мәдениетіне құрмет сезімін тәрбиелеу;
- педагогтердің тиімді тәжірибесін тарату;
- мектептерде бірыңғай тілдік орта қалыптастыру.

№	Іс-шараның атауы	Мазмұны мен өткізу форматы	Қатысушылар	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қорытындылау нысаны
1	Тілдер онкүндігінің ашылуы	«Тіл – татулық тірегі» тақырыбындағы жиын, салтанатты онкүндік бағдарламасымен таныстыру	1-11-сыныптар	04.09	Набиева Д.Қ	Фотоақпарат, әлеуметтік желіге жарияланым
2	«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» ақпараттық сағаты	Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орны, Қазақстан халқы тілдерінің маңызы туралы сынып сағаттары	1-11-сыныптар	07.09	Сынып жетекшілері	Қысқаша ақпарат
3	«Ана тілім – ардағым» мәнерлеп оқу байқауы	Қазақ ақындарының тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп оқу	2-6-сыныптар	07.09	Асылбеков Т.Ж	Женімпаздарды марапаттау

4	«Сауатты жазу – білімділіктің белгісі» бірыңғай диктант	Жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде диктант өткізу	5-11-сыныптар	08.09	Тіл пәндері мұғалімдері	Нәтижелерді саралау
5	«Тіл білгірі» зияткерлік сайысы	Лексикалық, грамматикалық және танымдық тапсырмалар	5-7-сыныптар	08.09	Шокубасова А.М	мадақтама
6	«Үш тіл – үш әлем» полиглот сайысы	Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі тапсырмалар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар	7-9-сыныптар	08.09	Абдусаттарова Д.Р	Ұпайлық бағалау, марапаттау
7	«Мақал – сөздің мәйегі» чөлденді	Үш тілде мақал-мәтел айтып, мағынасын түсіндіру	1-11-сыныптар	09.09	Хаметова А.А Мухамеджанова Г.Х	Бейнероликтер топтамасы
8	«Тілім менің – тірлігімнің айғағы» эссе байқауы	Тілдің адам және қоғам өміріндегі маңызы туралы эссе жазу	8-11-сыныптар	09.09	Аксеитова А.Б	Үздік жұмыстар жинағы
9	«Кітап – тілдің қазынасы» әдеби көрме	Тіл білімі, шешендік өнер және көркем әдебиет бойынша кітап көрмесін ұйымдастыру	1-11-сыныптар	09.09	Мажитова И.В	Көрме, библиографиялық шолу
10	«Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» танымдық сағаты	Ұлт ұстазының өмірі, еңбектері және қазақ біліміндегі орны туралы таныстырылым	5-11-сыныптар	10.09	Хаметова А.А Асылбеков Т.Ж	Викторина, таныстырылым
11	«Оқуға құштар мектеп» оқу сағаты	Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі шығармаларды оқу және талқылау	2-11-сыныптар	10.09	Мажитова И.В	Оқырман пікірі
12	«Жас қаламгер» шығармашылық жұмыстар байқауы	Өлең, әңгіме, мақала және шағын зерттеу жұмыстарын ұсыну	2-4-сыныптар	11.09	Досмағамбетова Ж.Ж Хахтай Г	Электрондық жинақ
13	«Таза сөйлеу – мәдениет белгісі» акциясы	Сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы және сөздерді дұрыс қолдану бойынша түсіндіру жұмыстары	1-11-сыныптар	14.09	Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпараттық парақшалар

14	Тілдер онкүндігінің жабылуы	Өткізілген іс-шараларды қорытындылау, белсенді қатысушылар мен жеңімпаздарды марапаттау	1-11-сыныптар	15.09	Набиева Д.Қ	Марапаттау рәсімі
15	Қорытынды ақпарат ұсыну	Өткізілген жұмыстар туралы ақпаратты, фото және бейнематериалдарды білім бөліміне жолдау		15.09	Набиева Д.Қ	Ақпараттық-талдамалық есеп

«Сөз» ӨБ жетекшісі: *Набиева* Набиева Д.Қ